

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандарын енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1523 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандарын енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С.Ахметов

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандарын енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14,103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 85, 45-құжат, 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат, № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат, № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24,

196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат):

1) 541 - бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Заңнамалық актілерде тұрғын үй-жайларды, жер учаскелерін, жер қойнауы учаскелерін және басқа да оқшауланған табиғи объектілерді мүліктік жалдауға, сондай-ақ өзге де жағдайларда беру ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Мемлекеттік мүлікті концессия шарты негізінде мүліктік жалдауға беру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамалық актісінде белгіленеді.»;

2) 883-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік мүлікті концессия шарты негізінде сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамалық актісінде белгіленеді.».

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат):

25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік меншікте болады және иеліктен шығаруға жатпайды.».

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат);

№ 14, 94-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағында:

б) және 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«б) банк кепілдігі - қарыз алушы мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарыз шарты бойынша сомаларды төлемеген жағдайда, банктің бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган алдындағы

мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша берешекті өтеу жөніндегі міндеттемесі;»;

«34) мемлекеттік концессиялық міндеттемелер - жасалған концессия шарттары бойынша концедент белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған қаржы міндеттемелерінің сомасы бойынша концеденттің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;»;

мынадай мазмұндағы 34-1) тармақшамен толықтырылсын:

«34-1) жеке меншік концессиялық міндеттемелер - жасалған концессия шарты бойынша концессионер белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған қаржы міндеттемелерінің сомасы бойынша концессионердің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;»;

2) 39-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«мемлекеттік концессиялық міндеттемелер бойынша төлемдер;»;

3) 53-баптың 1-тармағы 12) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау.»;

4) 54 - бапта:

1-тармақтың 12) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау.»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

5) 55 - бапта:

1-тармақтың 12) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау.»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

6) 56-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

7) 71-баптың 3-тармағының он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті;»;

8) 110-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:
«7. Концессиялық жобалар бойынша бюджеттік бағдарламалар бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайды.»;

9) 155-2-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Бюджеттік комиссиялар мақұлдаған, концессиялық ұсыныстарда қамтылған, Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес концедент концессионерді таңдау бойынша екі кезеңнен тұратын конкурс өткізу туралы шешім қабылданған концессиялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу және сараптау Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасында концессионерді таңдау бойынша екі кезеңнен тұратын конкурс үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы баптың 1-тармағына сәйкес әзірленген концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасының немесе концессиялық ұсыныстар сараптамасының нәтижелерін ескере отырып, концеденттер осы баптың 2-тармағына сәйкес концессионерді таңдау бойынша екі кезеңнен тұратын конкурс өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда және стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес жыл сайын жылжымалы негізде үш жылға арналған мерзімге концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесін қалыптастырады.»;

10) «Концессиялық міндеттемелер» деген 9-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:
«9-бөлім Концессиялық міндеттемелер
32-тарау. Концессиялық міндеттемелер
160-бап. Концессиялық міндеттемелер туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер:
1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелері;
2) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелері
б о л ы п б ө л і н е д і .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелері жасалған концессия шарттары бойынша

мемлекеттік концессиялық міндеттемелерге толық ақы төленген кезде орындалды деп
с а н а л а д ы .

Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер көлемін азайтуды конcedesнт концессия шартында қамтылған, қабылданған міндеттемелерді концессионердің орындауын бағалау критерийлері негізінде концессионер концессия шартын тиісінше орындамаған жағдайда жүргізеді.

7. Концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындарға өтемақы беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

8. Жеке меншік концессиялық міндеттемелерді концессионер концессия шартында көрсетілген талаптармен қабылдайды.

161-бап. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді есепке алу және олардың мониторингі

1. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тіркелуге және есепке алынуға тиіс.

2. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асырады.

3. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің мониторингі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

162-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы және орындауы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелер қабылдауы :

- 1) жоспарлы кезеңге концессияға ұсынылатын объектілер тізбесін қалыптастыру;
- 2) мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдаудың қаржылық шектерін және басымдықтарын белгілеу;
- 3) жасалған концессия шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауын әрбір жеке концессиялық жоба бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимитпен шектеледі.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауын республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражаты есебінен

бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

33-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың концессиялық міндеттемелері

163-бап. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы

1. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы :

- 1) жоспарлы кезеңге концессияға ұсынылатын объектілер тізбесін қалыптастыру;
- 2) мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдаудың қаржылық шектерін және басымдықтарын белгілеу;
- 3) жасалған концессия шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауын облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының әрбір жеке концессиялық жоба бойынша шешімінің негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

164-бап. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелер қабылдауын шектеу

1. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы тиісті жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің белгіленген лимитімен шектеледі.

2. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

165-бап. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауы

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауын жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.»;

11) 228-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекет кепілгерлігін беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты болған кезде жүзеге асырылады.»;

1 2) 2 2 9 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздың қайтарымдылығын қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының болуы;»;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын концессиялық жобалар тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыруды жүзеге асыру.»

4. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат) :

1) 116 - бапта :

1-тармақтың 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
«1) осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көрсетілген активтерді қоспағанда, түскен кезде халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде ескерілген және табыс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер;
2) концессия шартының шеңберінде концедент концессионерге (құқықтық мирасқорға немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлғаға) иеленуге және пайдалануға берген, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;» ;

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) ортақ пайдаланымдағы құрылыстар: концессия шарты шеңберінде құрылған және (немесе) концессионер алған концессия объектілері болып табылатын автомобиль жолдарын қоспағанда, автомобиль жолдары, тротуарлар, бульварлар, гүлзарлар;».

5. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008

ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж. № 5, 20, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат):

1) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-4) тармақшамен толықтырылсын:

«4-4) концессиялық ұсынысты, концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін, конкурстық құжаттаманы және концессия шартының жобасын, оның ішінде оларға табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жататын реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде келіседі;»;

2) 15-1-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту тәртібі концессия шартында көзделеді.».

6. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар):

1) 1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) әлеуметтік инфрақұрылым мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері - қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланылатын, қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға жүктелген объектілер, объектілер кешендері;»;

3), 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) концессионер - концессия шартын жасасқан заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) (квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың бірлестігі, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың бірлестігі (жай серіктестік);

4) концессия - концессия объектілерін құруға немесе реконструкциялауға және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызмет;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) концессия объектісі - концессия шарты бойынша құруға немесе реконструкциялауға және пайдалануға жататын, тізбеге енгізілген әлеуметтік инфрақұрылым мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін объект немесе бірнеше объект;

» ;

8-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

8-4) концессиялық ұсыныс - мемлекеттік орган әзірлейтін тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, концессиялық жобаның мақсатын, оған қол жеткізу жолдарын көрсететін оның тұжырымдамасы;»;

мынадай мазмұндағы 8-6), 8-7), 8-8), 8-9), 8-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-6) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік - мемлекет пен жеке кәсіпкерлік субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың әлеуметтік инфрақұрылым және тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін қаржыландыруға, құруға, реконструкциялауға, жаңғыртуға және/немесе пайдалануға, сондай-ақ қызметтер көрсетуге бағытталған нысаны;

8-7) техникалық ұсыныс - концессия бойынша конкурстың бірінші кезеңіне қатысушы ұсынған және маркетингтік, техникалық-технологиялық және экологиялық зерттеулер нәтижелерін, сондай-ақ концессия объектісін құру құнын негіздейтін қаржылық шешімдерді қамтитын техникалық және/немесе технологиялық жоба алдындағы құжаттама;

8-8) концессия объектісін құру - Қазақстан Республикасының аумағында бұрын болмаған концессия объектісін, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде құру, концессия объектісінде жаңа өндірістік жабдықтар орнату, концессия объектісінің құрылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге де түрлерін жүргізу;

8-9) концессия объектісін реконструкциялау - жаңа технологияларды енгізу, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру, техникалық ескірген және/немесе табиғи тозған жабдықтарды жаңғырту және өнімділігі жоғары жаңа жабдықтармен алмастыру негізінде қайта құру, сондай-ақ концессия объектісінің немесе оның жекелеген бөліктерінің технологиялық немесе функционалдық мақсатын өзгерту жөніндегі іс-шараларды жүргізу арқылы жекелеген үй-жайларды, ғимараттың өзге де бөліктерін немесе тұтас ғимаратты өзгерту, концессия объектісінің сипаттамалары мен пайдалану қасиеттерін жақсарту жөніндегі өзге де іс-шаралар;

8-10) концессия объектісін пайдалану - концессия шартында айқындалған тәртіппен және талаптарда концессионердің концессия объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде тауарлар өндіру және/немесе жұмыстарды орындау және/немесе қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;»;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Концессия объектілеріне меншік құқығы

1. Пайдалану және иелену құқығы концессионерге берілуі мүмкін концессия объектісін құру, реконструкциялау, пайдалану мақсатында концессионердің концессия шартында көзделген қызметті жүзеге асыруы үшін мемлекеттік меншіктегі жылжымайтын немесе жылжитын мүлік, айрықша құқықтар оның иеленуіне және

п а й д а л а н у ы н а

б е р і л е д і .

2. Егер концессия шартында өзгеше көзделмесе, концессияға берілген объектілерде жүргізілген жақсартулар, сондай-ақ концессия шартының талаптарын орындау кезінде пайда болған құрылысы аяқталмаған объектілер және зияткерлік қызмет нәтижелеріне мүліктік құқықтар мемлекеттік меншікке беріледі.

3. Егер концессия шартында өзгеше көзделмесе, концессия шартының талаптарын орындау нәтижесінде пайда болған концессия объектілері құрылғаннан кейін олар мемлекеттік меншікке беріледі.

4. Егер концессия шартында өзгеше көзделмесе, концессионердің концессия объектілерін пайдалану нәтижесінде алған өнімі мен өзге де кірістері оның меншігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Концессия шартының қолданылу және ол бойынша өзара міндеттемелердің бәрін реттеу мерзімі ішінде концессия объектілері кепіл нысанасы бола алмайды.

6. Концессия шартының қолданылуы және ол бойынша өзара міндеттемелердің бәрін реттеу мерзімі ішінде, концессия объектілері иеліктен шығарылуға жатпайды.

7. Егер концессия шартында өзгеше белгіленбесе, концессионер өзіне концессия шарты бойынша иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүліктің, сондай-ақ концессия шартын орындау нәтижелері бойынша пайда болған мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтереді.

8. Концедент концессиялық жобаны қоса қаржыландырған және/немесе осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес концедент концессионерге инвестициялық шығындарға өтемақы төлеген жағдайда, концессия объектісі мемлекеттік меншікке беріледі.»;

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Концессионердің шығындарын өтеу және кірістерін алу кө з д е р і

1. Концессионердің шығындарын өтеу және кірістерін алу көздері:

1) концессия объектісін пайдалану процесінде өндірілген тауарларды (жұмыстарды, қ ы з м е т т е р д і) с а т у ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда мемлекеттен б е р і л е т і н с у б с и д и я л а р ;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес концессионердің инвестициялық шығындарын өтеу;

4) тиісті қызмет саласында бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін қызметтердің ұсынылатын көлемінің шегінде концессионердің пайдалану шығындарын өтеу;

5) мемлекеттік меншіктегі концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес концессионердің меншігіндегі концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы;

6) концессия объектісінің қол жетімділігі үшін төлемақы болып табылады.

2. Концессия объектісінің қол жетімділігі үшін төлемақы осы баптың 1-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген, концессионердің концессия объектісінің техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуін есепке ала отырып, концессиялық жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде төлемдердің жалпы сомасының белгілі бір үлестерінің бірыңғай төлемдері түрінде жүзеге асырылатын бюджет қаражаты есебінен төленетін төлемдерді қамтиды.

3. Концессионердің шығындарын өтеу және кірістерін алу көздері концессионерді таңдау бойынша конкурс нәтижелерінің негізінде айқындалады.»;

4) мынадай мазмұндағы «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» деген 1-1-тараумен толықтырылсын :

«1-1 тарау. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік
7-1-бап. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің түрлері

1. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік институционалдық және келісімшарттық болып бөлінеді.

2. Институционалдық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттің және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметі шеңберінде іске асырылады.

3. Келісімшарттық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен концессия шарттары, мүліктік жалдау және мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару шеңберінде іске асырылады.

7-2-бап. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидаттары
Мыналар :

- 1) шарттық негізде орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынастар;
- 2) жеке меншік әріптесті конкурстық негізде айқындау;
- 3) тәуекелдерді, пайданы, кепілдіктерді, құқықтар мен міндеттемелерді мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қатысушылары арасында өзара тиімді бөлісу;
- 4) мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің нәтижелігіне қол жеткізу критерийлерінің болуы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидаттары болып табылады.»;

5) 8 - б а п т а :

4, 4-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) концессиялық ұсыныстарды беру, қарау және іріктеу қағидаларын бекітеді;

4-1) қызметтің тиісті саласында бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін қызметтердің ұсынатын көлемінің шегінде концессионердің пайдалану шығындарын өтеу тәртібін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) бюджеттен қоса қаржыландыру шарттарында концессиялық жобалардың мониторингін және концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалауды жүргізу

т ә р т і б і н

б е к і т е д і ;

7-2) инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерліктерін беру
т ә р т і б і н б е к і т е д і ;

7-3) концессия объектісін басқаруды және пайдалануды жүзеге асырғаны үшін
сыйақы, қол жетімділік үшін төлемақы төлеу тәртібін бекітеді;

7-4) концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындарға өтемақы беру
т ә р т і б і н б е к і т е д і ; » ;

б) 9 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) техникалық-экономикалық негіздемелер сараптамаларының немесе
концессиялық ұсыныстар сараптамаларының нәтижелерін ескере отырып, тізбені
қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) концессиялық жобаларды ұйымдастыру саласында салааралық үйлестіруді
және әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;

7-2) деректерді концессия шарттарының тізіліміне енгізу үшін концессиялық
жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін республикалық меншікке билік ету
құқығын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органға жібереді;»;

7) 11-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өз құзыреті шегінде республикалық меншіктегі концессия объектілері бойынша
концессия шарттарының орындалу мониторингін жүзеге асырады және мониторинг
нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді;»;

8) 12-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабының 2-тармағында
көзделген концессия объектілері бойынша концессия шарттарының орындалуын
бақылауды жүзеге асырады және бақылау нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау
жөніндегі уәкілетті органға жібереді;»;

9) 13-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) коммуналдық меншікке жататын және тізбеде көзделген концессия объектілері
бойынша концессия шарттарының орындалуын бақылауды және оның мониторингін
жүзеге асырады және мониторинг пен бақылау нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау
жөніндегі уәкілетті органға жібереді;»;

1 0) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Концессионерлердің қызметін қолдау мақсатында мемлекеттік қолдаудың
мынадай түрлерінің біреуі немесе бірнешеуі ұсынылады;»;

2, 2-1, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік меншікке беруге жатпайтын концессия объектісі құрылған кезде,
концессионерге осы баптың 1-тармағының 1), 2), 5) тармақшаларында көзделген

мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылмайды.

2-1. Осы баптың 1-тармағының б) тармақшасында көзделген мемлекеттік қолдау шараларының қолданылуына байланысты қарым-қатынастарға мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормалары қолданылмайды.

3. Осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында және 14-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген концеденттің концессиялық міндеттемелерінің жиынтық концессия шартының шеңберінде концессия объектісін концессионер қаражатының есебінен құру және/немесе реконструкциялау құнынан аспауға тиіс. Концессионерге концессия объектісін салу үшін берілетін жер учаскелерінің не концессия шарты шеңберінде реконструкцияланатын концессия объектісі орналасқан жер учаскелерінің құны концеденттің концессиялық міндеттемелерінің жиынтық құнының есебіне қосылмайды.»;

1 1) 1 5 - 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Бюджет комиссиялары мақұлдаған, концессиялық ұсыныстарда қамтылған, олар бойынша концеденттер конкурсты екі кезеңде өткізу туралы шешім қабылдаған концессиялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу және сараптау осы Заңның 20-1-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде концессиялық жобаны іске асыру басталмаған техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасының қорытындысы күшін жойды деп есептеледі.»;

12) 16-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тізбе екі бөлімнен тұрады:

1) жақсартылуы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын қолданыстағы мемлекеттік меншік объектілері;

2) құрылуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын о б ь е к т і л е р .

3. Тізбені мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Заңның 15-2-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасының немесе концедент осы Заңның 15-2-бабының 2-1-тармағына сәйкес конкурсты екі кезеңде өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, концессиялық ұсыныс сараптамасының нәтижелерін ескере отырып және республиканың стратегиялық даму жоспарларына, республикалық бюджеттің инвестициялық мүмкіндіктеріне сәйкес жылжымалы негізде жыл сайын үш жылға арналған мерзімге қалыптастырады.»;

1 3) 1 7 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2), 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса

алғанда, ал қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіле отырып, осы Заңның 15-2-бабының 2-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, техникалық-экономикалық негіздемені, концессияға беруге ұсынылатын объектінің сипаты мен жалпы техникалық және сапалық сипаттамаларын;»;

«3-1) осы концессиялық жоба үшін мемлекеттік қолдаудың ықтимал түрлерін және көлемдерін;» ;

14) тармақшадағы «рәсімдерді қамтитын, осы Заңның 9-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және осы Заңның 10-бабының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген конкурстық құжаттаманы табыс етуге міндетті.» деген сөздер «рәсімдер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) осы Заңның 15-2-бабының 2-1-тармағында көрсетілген жағдайларда концессиялық жобаны іске асыру жөніндегі техникалық шешімдерді сипаттайтын құжаттарға қойылатын талаптарды қамтитын, осы Заңның 9-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және осы Заңның 10-бабының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген конкурстық құжаттаманы табыс етуге міндетті.»;

14) 18 - бапта :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) іске асыруға ұсынылатын концессия объектісінің құнына қатысты кемінде он пайызды құрайтын өз капиталы болуға немесе іске асыруға ұсынылатын концессия объектісінің құнына қатысты кемінде он пайызды құрайтын сомаға банк кепілдігін ұсынуға;» ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Занды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумның), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар бірлестіктерінің, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бірлестіктерінің (жай серіктестіктің) концессионерді таңдау бойынша конкурсқа қатысуының ерекше шарттары концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізу қағидаларында айқындалады.»;

15) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізу туралы ақпаратты конкурс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік алпыс күн бұрын, ал қайта конкурс өткізу кезінде - кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде міндетті түрде жариялайды. Конкурс өткізу туралы ақпарат концессия объектілері, конкурсты ұйымдастырушыға табыс ету үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы мәліметтерді, конкурс жарияланған объектінің сипатына қарай ықтимал

қатысушыларға қойылатын талаптарды; конкурсты өткізу орны, уақыты мен күні туралы мәліметті қамтуға тиіс.»;

16) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін, концессиялық өтінім бойынша қорытындыларды және ықтимал концессионерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды ескере отырып, конкурс қатысушылары ұсынған барлық конкурстық өтінімдерді қарайды.

Егер конкурс үшінші рет өткізіліп отырған және конкурсқа қатысуға тек бір конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, комиссия осы конкурстық өтінімді оның іске асырылу мүмкіндігі тұрғысынан қарайды.»;

17) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:
«20-1-бап. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып конкурс өткізу ерекшеліктері

1. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурсы:

1) концессиялық жобаны іске асыру үшін әртүрлі инновациялық, шығармашылық, сәулеттік-жоспарлау, ұйымдастырушылық-технологиялық шешімдерді, өнертабыстарды жинау және зерделеу және туындаған мәселелер бойынша ықтимал концессионерлермен келіссөздер жүргізу қажет;

2) эксперименттер, ізденістер немесе әзірлемелер жүргізу қажет болған жағдайларда өткізіледі.

2. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурстар мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:
концессиялық ұсыныс сараптамасының негізінде конкурсты ұйымдастырушының техникалық тапсырманы қалыптастыруы, конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеуі және бекітуі;

мерзімді баспасөз басылымдарында екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс өткізу туралы хабарлама жариялау;

конкурсты ұйымдастырушының екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға мүдделі тұлғаларға техникалық тапсырма мен конкурстың құжаттаманы беруі;

ықтимал концессионерлерді біліктілік іріктеуді өткізу;
ықтимал концессионерлермен техникалық тапсырманың техникалық, сапалық және (немесе) өзге де сипаттамаларына қатысты мәселелерді талқылау;

біліктілік іріктеуден өткен конкурсқа қатысушылардың техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстарымен бірге конкурстық өтінімдер беруі;

мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерді, адамның тіршілік әрекетінің қолайлы және қауіпсіз жағдайларын, жобаланатын объектілердің орнықты жұмыс істеуін

қамтамасыз етуге бағытталған қала құрылысы регламенті мен техникалық регламенттерге, мемлекеттік нормативтердің шарттары мен талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін, сондай-ақ техникалық ұсыныс құнын айқындау мақсатында тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының және Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік құрылыс сараптамасын жүзеге асыруға уәкілеттік берген заңды тұлғаның конкурса қатысушылардың техникалық ұсыныстарын сараптауы; техникалық ұсыныстары конкурсты ұйымдастырушының техникалық тапсырмасына сәйкес келетін кемінде екі конкурса қатысушыны таңдау; конкурсты ұйымдастырушының бірінші кезеңде техникалық ұсыныстары техникалық тапсырмаға сәйкес келеді деп танылған конкурса қатысушыларға екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурстың екінші кезеңіне қатысуға шақыру ж і б е р у і ;

2) конкурстың екінші кезеңінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: бірінші кезеңде техникалық ұсыныстары техникалық тапсырмаға сәйкес келеді деп танылған конкурса қатысушылардың концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесімен бірге конкурстық өтінімдер беруі; конкурса қатысушылардың концессиялық жобасының техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптама жүргізу үшін конкурсты ұйымдастырушы оларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді; комиссияның концессиялық өтінім бойынша сараптамалардың қорытындыларын ескере отырып, конкурса қатысушылар берген барлық конкурстық өтінімдерді қарауы ;

осы Заңның 20-бабының 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-тармақтарында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру . » ;

18) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«21-бап. Концессия шартының мазмұны
1. К о н ц е с с и я ш а р т ы :

1) концессия объектісі туралы мәліметтерді, оның сипаттамасын, оның ішінде мүліктің құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет мерзімі, берілетін концессия объектісінің бастапқы, қалдық және қалпына келтіру құны туралы мәліметтерді;

2) концессионердің концессия объектісіне құқықтары және (немесе) белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құқықтары туралы шарттарды;

3) концессионердің қызметтерді қажетті мөлшерде және сапада ұсынуы мақсатында объектіге қажетті жақсартулар жүргізудің шарттары мен көлемін;

4) концессионердің шығындарын өтеу және кіріс алу көздерін;

5) тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту тәртібін;

6) инвестициялардың, оның ішінде негізгі қорларға инвестициялардың мөлшері туралы шартты, әзірленген бизнес-жоспарға (жұмыс бағдарламасына) сәйкес

концессиялық жобаны қаржыландырудың мерзімдерін, көздері мен шарттарын;

7) қызмет түрлерін (шарт талаптары бойынша ұсынылатын жұмыстар, қызметтер);

8) концессия шарты бойынша концессионер ұсынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапа стандарттарын;

9) шарттың қолданылу мерзімін;

10) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;

11) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды;

12) объектіні қабылдауға уәкілеттік берілген тұлғаларды қоса алғанда, тараптардың концессия объектісін беру тәртібі мен шарттарын, оның сапасына қойылатын талаптарды, сондай-ақ концессия шартын орындауға байланысты берілген жер учаскелерін;

13) тараптардың жауапкершілігін;

14) шартты өзгерту және тоқтату талаптарын;

15) тараптардың орналасқан жерін және банктік деректемелерін;

16) концеденттің концессия шарттарын орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібін;

17) концессионердің қабылданған міндеттемелерді орындауын бағалау, олар орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыппұлын төлеу критерийлерін және концеденттің концессиялық міндеттемелерін азайту тәртібін;

18) осы Заңның 14-бабына сәйкес мемлекеттік қолдау ұсынылған жағдайда оның түрлерін, көлемін, мерзімдері мен ұсыну шарттарын;

19) қазақстандық (жергілікті) қамту жөніндегі міндеттемелерді;

20) концессионердің жыл сайын, сатып алуды жүргізу үшін жоспарланатын жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың алдағы жылға арналған жылдық бағдарламасы мен сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімде оған сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы ақпарат беру жөніндегі міндеттемелерін;

21) концессия объектісіне, аяқталмаған құрылыс объектілеріне, зияткерлік меншікке меншік құқығын, көрсетілген объектілерге меншік құқығында үлестердің бөлінуін, мұндай құқықтардың туындау шарттары мен сәтін;

22) тәуекелдердің тараптар арасында бөлінуін;

23) шарт бойынша берілетін мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығының, сондай-ақ көрсетілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну тәуекелдерінің өту шарттары мен мерзімдерін;

24) концедент мүддесін білдіретін уәкілетті мемлекеттік органдар және концессия шарты бойынша олардың өкілеттіктерінің белгілену және өзгеру тәртібі туралы мәліметтерді;

25) концессионерге берілетін мемлекет меншігіндегі тіркелген жер учаскелерінің, жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де объектілерінің тізбесін, сондай-ақ көрсетілген жер учаскелері мен жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері берілетін құқықты көрсетуді;

26) концессия объектісін құру және (немесе) реконструкциялау жөніндегі жұмыстарды орындау, оны пайдалануға енгізу мерзімін, сондай-ақ осы мерзімді ұзарту тәртібін;

27) концессия шартын орындау, атап айтқанда, белгілі бір іс-қимылды орындауға, шарт шеңберінде ақшалай қаражатты жинауға және бөлуге, шартқа сәйкес көлемде және тәртіппен өзге төлемдерді жүзеге асыруға, сондай-ақ өзге де құқықтар мен міндеттемелерді орындауға келісім беру үшін тартылатын өзге де тұлғалардың құқықтары мен міндеттемелерін;

28) концессионер шарт талаптарын елеулі бұзған жағдайда немесе шартта көрсетілген өзге жағдайлар туындаған кезде тараптардың, атап айтқанда, төтенше жағдайлардың тәуекелін немесе салдарын болдырмау, төмендету немесе жою, жеке және заңды тұлғалардың денсаулығын, қауіпсіздігін және мүліктерін сақтауды қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау үшін іс-қимылын;

29) шарт талаптарын біржақты өзгертудің және (немесе) оны орындаудан біржақты бас тартудың айрықша жағдайларын;

30) шарт бойынша дауларды шешу тәртібін;

31) концессия шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда тараптардың шығыстарын өтеу тәртібін қамтуға тиіс.

2. Концессия шартында сондай-ақ:

1) шарт тараптарының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету тәсілдері;

2) концессия шартында көзделген қызметті жүзеге асыруға байланысты кірістердің концедент пен концессионер арасында бөлінуі;

3) шартты орындауға байланысты сақтандыру;

4) концессия объектісін пайдалануды жүзеге асыру үшін концессионер тартатын ұйымдарды және онымен шарттың маңызды талаптарын келісу;

5) концессия объектісін құруды, реконструкциялауды жүзеге асыру үшін концессионер тартатын мердігерді (бас мердігерді) және онымен шарттың маңызды талаптарын келісу;

6) ақшалай қаражат берген кредит ұйымы концессионердің шарт бойынша міндеттемелерін орындауы мақсатында жүзеге асырылатын концессионерге одан әрі кредит беруден бас тартқан жағдайда концеденттің шартты тоқтату құқығы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

3. Шартқа өзгерістер тараптардың келісімі бойынша енгізілетін жағдайларды қоспағанда, шарт талаптары концессия шарты қолданылатын бүкіл мерзімде күшін

с а қ т а й д ы .

4. Концессия шартында концеденттің қоғам мен мемлекет мүддесінде шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгерту немесе оны бұзу талабы көзделуге тиіс, бұл ретте шартта Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін осындай талаптардың, оның ішінде, мұндай әрекет ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адамгершілікті қамтамасыз ету мақсатында жасалатын жағдайлардың толық тізбесі қамтылуға тиіс.

5. Концедент осы баптың 4-тармағында көрсетілген құқықты іске асырған жағдайда, концедент концессионерге концессия шарты талаптарының өзгеруіне байланысты қосымша шығындарын өтеуге, сондай-ақ концессия шартының бұзылуына байланысты концессионер шеккен қосымша залалдарды өтеуге міндетті.

6. Талапты басқаға беру немесе борышты аудару жолымен концессия шарты бойынша тұлғаларды ауыстыруға концедент келісімімен рұқсат етіледі. Концессионер концессия шарты бойынша өз құқықтарын концеденттің жазбаша келісімімен ғана кепілдікке беруге құқылы.

Концессия шарты бойынша талап басқаға берілген немесе борыш аударылған жағдайларда, концессионердің құқықтары мен міндеттемелерінің басқа тұлғаға/тұлғаларға өтуі мұндай тұлғаның/тұлғалардың осы Заңда және конкурстық құжаттамада белгіленген конкурса қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес болуы шартымен жүзеге асырылуға тиіс.»;

19) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Концессия шарттарының түрлері

1. Концессия шарты мынадай түрлерде жасалады:

1) концессия объектісін кейіннен мемлекет меншігіне бере отырып, концессионердің концессия объектісін құруын көздейтін концессия шарты;

2) концессионер мен концеденттің концессия объектісін құру немесе реконструкциялау және/немесе пайдалану жөніндегі бірлескен қызметін көздейтін концессия шарты;

3) мемлекет меншігіндегі концессия объектісін концессионерге сенімгерлікпен басқаруға не реконструкциялау және/немесе пайдалану мақсатында мүліктік жалдауға (жалға) беруді көздейтін концессия шарты;

4) концессионердің меншігіндегі концессия объектісін концедентке не ол уәкілеттік берген тұлғаға мүліктік жалдауға (жалға), оның ішінде қамтамасыз етілуі заңнамамен мемлекеттік органдарға жүктелген қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында концессия объектісін концеденттің сатып алу құқығымен беруді көздейтін концессия шарты.

2. Концессия шарты осы баптың 1-тармағында көзделген шарттардың бір немесе бірнеше түрінің элементтерін қамтуы, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған, концессия объектісін құруға немесе реконструкциялауға және/немесе пайдалануға

бағытталған өзге де шарттардың элементтерін қамтуы мүмкін.

3. Концессия шартында мемлекет меншігіндегі концессия объектісін жеке меншікке иеліктен шығаруға бағытталған талаптарды қамтуға болмайды.»;

20) 25-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) концессия объектілерін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін етіп немесе ықтимал концессионерлерге осы Заңның 17-бабының 1-тармағына сәйкес ұсынылатын конкурстық құжаттамада көрсетілген ауыртпалықтармен және шектеулермен беруге;»;

21) 26-баптың 2-тармағының 5), 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) концессия шарты жасалған мерзім аяқталғаннан кейін концессия объектісін концедентке концессия шартын жасасқан кезде болған ауыртпалықтар мен шектеулерді ескере отырып және шарт талаптарына сәйкес тиісті техникалық жай-күйде беруге;»;

«7) концессия шарттары шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі берілген жағдайларда концессиялық жобаны қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес концессия шартында айқындалған банкте арнайы шот ашуға;».

7. «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 4, 36-құжат):

1) 4-баптың 19) тармақшасы алып тасталсын;

2) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуға тиіс ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы құзыретті шетелдік және қазақстандық сарапшылар жүргізеді.».

8. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат, № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8

6 4 - қ ұ ж а т) :

1) 74-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті жалдауға беруші (жалға беруші) б е р е д і .

Коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) жергілікті атқарушы орган (коммуналдық мүлікті жалдауға беруші (жалға беруші) береді.

Егер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлік осы Заңның 135 , 145, 153 және 161-баптарында айқындалған тәртіппен мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша берілуі мүмкін. Ақша, бағалы қағаздар және мемлекеттің мүліктік

құқықтары мүліктік жалдау (жалға алу) шартының объектісі (нысанасы) болып т а б ы л м а й д ы . » ;

2) 75-баптың 2, 3 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендері, мемлекетке тиесілі бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, жылжымайтын мүлік), ақша мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының объектісі болады.

Өзге мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда сенімгерлікпен басқару шартының объектісі болады.

3. Республикалық мүлікті сенімгерлікпен басқаруға мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы) б е р е д і .

Коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқаруға жергілікті атқарушы орган (коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы) береді.

Егер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«8. Сенімгерлікпен басқарушының мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару кезінде өзі шығарған қажетті шығыстарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару шартында белгіленген тәртіппен өтеуге құқығы бар.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы шартта көзделсе, сенімгерлікпен басқарушының с ы й а қ ы а л у ғ а құқығы бар.» .

2-бап. Осы Заңның 1-бабының 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тармағын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті